

*Екі жастағы
бала нені білуі
керек және не
істей алады?*



Бала 2 жасқа келгенде не істей алады?

2 жаста көптеген балалар тамақты өзі мұқият жеуді үйренеді. Екі жаста бала ересектердің қандай да бір нәрсені түсіндіргенін тыңдай алады, ал кейбір сәбилер сұрақ қоя бастайды.



Олар бірнеше кедергіден кезекті қадамдармен өтіп, еденде жатқан тақтайдың бетінде жүре алады. 2 жастағы балаларға арналған қимылды ойындарда секіру, жүгіру, доп лақтыру, төбешіктен сырғанау секілді ойындарды қосуға болады.

2 жасар балаға күтім


Әдетте, балалар 2 жасына қарай түбектің не екенін біліп, онымен танысып болады. Бала сөздер мен белгі беру арқылы түбекке отырғысы келетінін білдіреді, ал кейбіреулері шалбарын өзі шешіп, дайындалады.



Танымдық дамуы

Заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай ажыратуы:

- 2 жасар бала көлемді геометриялық пішіннің конфигурациясын жазықты суретпен байланыстырады.*
- Үш немесе одан да көп түсті көлемді заттарға бағдарланады.*



Көлеміне байланысты түрлі-түсті төрт-бес сақинадан пирамида құрастырады.

- Көзі үш-төрт түске түседі; кейбіреуінің қалай аталатынын айтады және үлгіге қарай таңдай алады.*



2 жастағы баланың сөздік қоры
Бір жарым жасқа дейін баланың сөздік қоры шамамен 50 сөзді құраса, екі жасында 200-400 сөзді құрайды

Баланың сөздік қорының басым бөлігі **ойын** және тұрмыстық тақырыптағы заттарды білдіретін зат есімдер, ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдер сондай-ақ қарапайым әрекеттерді білдіретін етістіктерден тұрады. Жеңіл сөздерді дұрыс сөзбен алмастырады. Өзіне өзі «жақсы», «үлкен», «әдемі» деп, баға береді. Жекеше түрде «сау бол», «рахмет», «сәлем» деп айта алады.

Ойын әрекеттері

Екі жасқа толған балалар ойын кезінде зеректік танытады. Бірнеше жүйелі ойын әрекеттерін жасайды Мысалы, жанында ыдыс тұрса, қуыршақты тамақтандырады немесе текшелер мен көлік болса, гараж құрастырады. Сондай-ақ, ауыстыру-элементтерін қолданады.



2 жасар бала ойыншықпен екі сюжеттік әрекет жасайды. Мәселен, қуыршақты тамақтандырып, ұйықта-тады және машинкаға заттарды салып, тасиды

Тұрмыстық дағдылары

- Тамақты төгіп-шашпай жинақы ішуге әрекет етуге тырысады.
- Жуыну кезінде алақаны мен бетін ысқылап, жуады.
- Ересектердің көмегімен сүртінеді.
- Шұлығын, бас киімі мен аяқ киімін ересек адамдардың азғантай көмегімен өзі киеді.
- Киімдерінің, аяқ киімнің, ыдыс-аяқтың, ойыншықтар-дың орнын біледі. Ескертсе, мұрнын бет орамалмен сүртеді.

Сенсорлық даму

- көлемді геометриялық фигураны жазықтық кескінімен байланыстырады, үлгінің үстіне қоя алады
- заттарды пішіні бойынша топтастырады (шеңберлер, шаршылар, үшбұрыштар),
- заттың көлемін салыстыру арқылы бөліп көрсете алады (үлкен, кіші, шағын),
- 3-4 түстерді ажырата біледі, түстерді үлгі бойынша таңдай алады, оларды атай алады



Эмоционалды және әлеуметтік дамуы

- *Ересек адамдар мақтаса, епті әрекеттер жасағысы келеді.*
- *Рұқсат бермей қойса қырсығып, өз дегенін жасатқысы келіп, талап етеді.*
- *Сәтті болмай қалса көңілі толмай, жасап отыр-ған әрекетінен бас тартады.*
- *Үлкендердің өтінішін орындағысы келмесе қыр-сығады.*
- *Жақын адамына немесе өзі секілді басқа балалар-ға еліктеп, ым-ишара білдіреді.*
- *Өзіне назар аударту үшін шыңғырады.*
- *Ересек адам ұрысса оған жауап*



ретінде, қалағанын жасатпай қойғаны үшін ашуланып, тыңдамай қояды.



Бейтаныс ересек адамға жақындағысы, сөйлегісі келмейді.

- Анасы кетіп қалғанда, қорықса және ренжіген кезде ұзақ жылайды.

- Ересектердің немесе басқа балалардың назарын өзіне аудару үшін күлімсірейді, ым-ишара білдіреді, көзіне қарап, мақтауын күтеді.

- Көңіл көтергенді жақсы көреді, соның ішінде ойындарды қуана ойнайды.

- Мультфильмдерді және балаларға арналған хабарларды қызығушылықпен көреді.

- Жылап жатқан балаға аяушылық танытып, жаны ашиды, жануарларға қамқорлық жасайды. «Ойыншықтарды жина», «мынаны жасауға болады», «мынаны болмайды» деген нұсқауларды қарсылықсыз қабылдайды. «Жақсы», «жаман» деген сөздерді түсінеді.



Екі жастағы балалар істей алуы керек:

- қолында қарындаш, қалам, қылқалам ұстай алуды үйретуге болады;
- сызықтар, шеңберлер, нүктелер сызып, қарапайым бейнелер салуды (жаңбыр, шөп, күн);
- қарапайым сызбаларды бояуды (гүл, үй);
- қағазға губкамен із қалдыруды, саусақпен бояуды
- пластилин кесектерін үзіп, олардан шарлар мен шұжықтар жасауды, шұжықтардың ұштарын үзіп бауырсаққа ұқсатып пішін жасауға үйретуге болады.

Әдетте, бала келесілерді білуі керек:

- сенімді жүру және жүгіруді;
- тепе-теңдікті сақтай отырып, еңкеюді
- қозғалыс бағытын көру үшін басын бұрып, арқасымен бүйірден және алға жүруді;
- балалардың баспалдақтарымен көтерілуді;
- биіктігі 20 см-ге дейінгі кедергілерді еңсеруді;
- ересек адамның көмегімен баспалдақпен көтерілу және түсуді;

Назарларыңызға рахмет!

